

**КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
МЕН
МҰХТАР ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
АРАСЫНДА ӨЗАРА
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ
МЕМОРАНДУМ**

Шымкент қ.

«24» 12 2019 ж.

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Коммерциялық емес акционерлік қоғам «Қазақ ұлттық аграрлық университеті» атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы-Ректор, профессор **Есполов Тілектес Исабайұлы** бір тараптан және «Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті» атынан Жарғы негізінде әрекет ететін Ректор **Қожамжарова Дария Пернешқызы** екінші тараптан төмендегі бөлімдер бойынша меморандумға қол қойды.

1 бап

Осы Меморандумның мақсаты кадрлар даярлау саласында тәжірибе алмасу, сондай-ақ осы салада өзара қызығушылықты білдіретін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру болып табылады.

2 бап

Осы Меморандумның мақсатын жүзеге асыру үшін Тараптар төмендегідей бағыт бойынша ынтымақтастық етуге келісті:

- өзара қызығушылық білдіретін тақырып бойынша сарапшыларды тарту арқылы дәрістер/семинарлар өткізу;
- Ауылшаруашылық және биоресурс, ветеринария, бизнес және басқару саласында бірлесіп зерттеулер жүргізу;
- ғылыми мақалалармен, жарияланымдармен және зерттеулермен, мерзімдік басылымдармен, өткізілетін іс-шаралар туралы ақпаратпен алмасу,

оқулықтарды, оқу құралдарын және басқа да оқу материалдарын бірлесіп шығару және аймақтық журналдарда жариялау;

- Тараптардың білім алушыларының академиялық ұтқырлығын дамыту;
- қашықтықтан білім беру саласында тәжірибе алмасу;
- жұмыс тәжірибесімен алмасу мақсатында басшылардың, жұмысшылардың, профессор-оқытушылар құрамының бірлескен сапары,

дәрістер оқу, таныстырылымдар мен ғылыми зерттеулерге қатысу, тәжі/шбелік тапсырмалар, кеңестік және сараптамалық жұмыстар өткізу;

- магистранттар мен докторанттардың ғылыми-зерттеу қызметіне қатысу және бірлесіп ғылыми жетекшілік ету;

- Тараптардың профессор-оқытушы және әкімшілік құрамымен лекциялар, мастер-кластар (оның ішінде «онлайн» режимде);

- білім беру саласында бірлескен конференциялар, семинарлар, симпозиумдар, дөңгелек үстелдер және басқа да бастамалар өткізу;

- білім беру бағдарламалары мен ғылыми зерттеулер аясында гранттар алуға бірлескен өтініштер дайындау;

- білім беру саласында Тараптардың ұйымдастыратын алдағы халықаралық конференциялар, көрмелер мен жәрмеңкелер туралы Тараптарды ақпараттандыру.

3 бап

2 Бапта белгіленген шараларды жүзеге асыру шарттары Тараптардың бөлек келісімдерімен белгіленетін болады.

4 бап

Осы Меморандумның жобаларын жүзеге асыру үшін қаржыландыру шарттары Тараптардың бөлек келісімдерімен белгіленетін болады.

Осы Меморандумның аясында ынтымақтастықтың кез келген түрін жүзеге асыру ресурстардың мүмкіндігіне және тараптардың тиісінше қаржылық қолдауына байланысты.

Тараптар қорларды қосқанда әлеуетті қаржылық серіктестерді тартуға болады деп есептейді.

5 бап

Осы Меморандум Тараптардың қосымша келісімдерге қол қоюы арқылы өзара келісім бойынша өзгеруі және толықтырылуы мүмкін, қосымша келісімдер Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылады және Тараптардың өкілетті тұлғаларымен тиісінше рәсімделуі және қол қойылуы тиіс.

6 бап

Осы Меморандум аясында ынтымақтаса отырып Тараптар қатысушы тараптардың ережелерін ұстанатын болады.

Меморандум аясында туындайтын даулар университеттер арасында талқылау және келісім жүргізу арқылы шешілетін болады.

7 бап

Осы Меморандум Тараптардың қол қойған кезден бастап күшіне енеді және 5 (бес) жылға жарамды. Осы Меморандум егер Тараптардың бірі Меморандум аяқталғанға дейін 6 (алты) ай бұрын оның әрекет етуін тоқтату туралы айтпаса автоматты түрде 5 (бес) жылға ұзартылады.

«Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік
Қазақстан мемлекеттік университеті»

«Қазақ ұлттық аграрлық
университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамы

Ректор
Қожамжарова Дария Пернешқызы



Басқарма Төрағасы-Ректор
Есполов Тілектес Исабайұлы

160012, Қазақстан Республикасы
Шымкент қаласы,
Тәуке хан даңғылы, 5
Тел: (8-725-2) 21-01-41,
факс: (8-725-2) 21-01-41
Е-пошта: info@ukgu.kz
Веб-сайт: www.ukgu.kz

050010, Қазақстан Республикасы,
Алматы қаласы, Абай даңғылы, 8
Тел.: +7(727) 264 24 09, +7(727) 262
19 48
Факс: +7(727) 262 11 08
Е-пошта: info@kaznau.kz
Веб-сайт: www.kaznau.kz

Күні: «24» сентябрь 2019 ж.

Күні: «24» сентябрь 2019 ж.

